

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша
білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының мемлекеттік аттестаттау
нәтижелері туралы қорытынды**

Өскемен қаласы

2026 жылғы «05» маусым

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 114 бұйрығымен бекітілген «Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын» басшылыққа ала отырып, (бұдан әрі – Қағида), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы (бұдан әрі – Департамент) 2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2026 жылғы 01-05 маусым аралығында Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына мемлекеттік аттестаттауды департамент басшысының 2026 жылға «29» мамырдағы №151 нк бұйрығымен төменде берілген құрамда бекітілген аттестаттау комиссиясын жүргізді (бұдан әрі – комиссия):

1. Жумабекова Салтанат Мырзабековна - білім беру қызметінің лицензиялау бөлімінің бас маманы, комиссия төрағасы;

2. Абилжанова Зере Манарбековна - Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Жасұлан» бөбекжайы КМҚК-ның әдіскері, комиссия мүшесі;

3. Абраимова Нургул Сеитжапаровна - Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Ұлан ауданы бойынша білім бөлімінің «М.Ломоносов атындағы орта мектебі» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі, комиссия хатшысы.

Комиссия Қағидаға сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерттеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау жүргізді, оның ішінде көрсетілетін білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді.

Өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштерін бағалау және талдау жүргізді Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Білім түрі және деңгейі: Мектепке дейінгі білім беру

Мемлекеттік аттестаттауды өткізу кезеңі: 2026 жылғы 01-05 маусым

1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы Білім беру ұйымдарының аталуы. Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан мекенжайы). Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт). Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері. (Басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау туралы бұйрық туралы деректер). Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар. Рұқсат етуші құжаттар.
Білім беру ұйымдарының аталуы, орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан мекенжайы). (Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, үй 42/1 Қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама №KZ42RVK00068116 03.02.2026 ж. БСН: 071040017495
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт). (Басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау туралы бұйрық туралы деректер). (Заңды тұлға өкілін басшы лауазымына тағайындау туралы бұйрық) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы» КМҚК директоры Маржан Сериковна Мухамадиева 2025 жылдың 20 қазанынан бастап № 462-ж бұйрығымен тағайындалған. Телефон: 87232221406 Электрондық пошта: detskiysad-iasliakbota@mail.ru web-сайт: https://dsakbota.kz/zh-lykt-r
Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар (Білім беру ұйымының Жарғысы) Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама. 071040017495 (Бизнес – сәйкестендіру нөмірі) Елді мекен: Өскемен қаласы Атауы: Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы КМҚК Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, үй 42/1, пошта индексі 070002. Басшы: Заңды тұлғаның уәкілетті органымен тағайындалған (тандалған) басқарушы Мухамадиева Маржан Сериковна Құрылтайшылар: «Шығыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты» ММ

Рұқсат етуші құжаттар. *(Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметті бастау немесе тоқтату туралы хабарлама).*

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама бойынша белгілі бір іс – қимылды жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Шығыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 03.02.2026 жылы № KZ42RVK00068116 алынған.

Қорытынды: Білім беру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін құрылтай және рұқсат беру құжаттары Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» және «Білім туралы» заңдарының талаптарына сәйкес келеді.

2. Кадрлық құрамға талдау

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

-Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау.

Тиісті бейін бойынша жоғары(жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білім бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат,оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер.

Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір педагогтердің біліктілік санатының деңгейін артыру/ растау туралы мәліметтер:

Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.

(Педагогикалық кадрлармен қамтылу туралы мәлімет. Басшының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен расталған әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшаға келісе кесте қоса беріледі,оның ішінде:

-бағаланатын кезенге педагогтердің штаттық кестесі. Бағаланатын кезеңде басшылар мен тиісті бейін бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру жөніндегі мәліметтер).

Талдау нәтижелері: Аталған өлшемшарт Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы КМКҚ (бұдан әрі – «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 121 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 болып тіркелген) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті» стандартының талаптарына сәйкес келеді. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» бойынша құжаттар зерделенді. 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына арналған «Педагог кадрлармен жасақталғаны туралы мәліметтер» кесте түрінде берілген. Кестеде педагогтің тегі, аты, әкесінің аты, туған жері және жылы, негізгі жұмыс орны, білімі мен педагогикалық қайта даярлаудан өтуі, соттылығы туралы, тану туралы куәлік бойынша мәлімет, штат

бірлігі, біліктілік санаты, біліктілікті арттыру курсының соңғы өту мерзімі, біліктілік курсынан өту орны, медициналық тексеруден өтуі көрсетілген. Барлық бағаланатын кезеңге сәйкес ұсынылған педагогтердің штаттық кестесіне мекеме басшысының қолы қойылған «Ақ бота» балабақша-бөбекжайының мөрімен бекітілген. Сонымен қатар ұсынылған педагогтердің жеке құжаттарын толық қарап, зерделеу барысында барлық педагогтердің дипломдары, біліктілік санаты туралы куәлігі, соттылығы жоқ деген анықтамалары, жұмысқа қабылдағаны туралы бұйрықтары мен еңбек шартын тоқтату туралы бұйрықтары салынған. «ШҚО қаржы басқармасының» ММ 29.02.2024ж №II-88 (к) бұйрығымен бекітілген «Ақ бота» балабақша-бөбекжайының жарғысы негізінде педагогикалық кадрлар қызметке алынған және қызметтен босатылғаны туралы бұйрықтары қоса берілген.

2023-2024 оқу жылы бойынша:

Штаттық кестеде жалпы 27 педагог (директор, әдіскер, тәрбиеші, бейнелеу өнері маманы, дене шынықтыру нұсқаушысы, педагог-психолог, қазақ тілі маманы, педагог-ассистент, музыка жетекшісі, хореограф) көрсетілген. Кестеде берілген әр педагогтің құжаттары қосымша салынған. Штаттық кестедегі еңбек шарты тоқтатылған педагогтерді (Ж.Қайырлықызы, Ж.Е.Тыныбаева, Қ.М.Жунусова, Д.А.Топоева, Э.А.Апаева) есептемегенде қызмет жасайтын педагогтер саны 22, жоғары білімді 18 педагог, арнайы орта білімді 4 педагог бар. 17 педагогтің біліктілікті арттыру курсынан өткендігін растайтын сертификаттар ұсынылған, демек 5 педагог (Ж.Мархабатқызы, М.А.Нургалиева, Е.Даниярқызы, А.Ж.Турсынғалиева, Е.Ж.Сейсенова) біліктілікті арттыру курстарынан өтпеген.

Құжаттарды зерделеу барысында штаттық кестеде және барлық құжаттарда А.С. Қаңғашева көрсетілгенін, ал жеке куәлігінде А.С. Кайсанова (04. 25.2022 жыл) делінгені тегі ауысқаны байқалды. Тегі ауысқаны туралы дәлелдеме құжат салынбаған. А.А. Аринова – мамандығы логопед, штаттық кестеде көрсетілген, құжаттары салынбаған.

Барлық педагогтердің тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар, 1 педагог (Совет Айжұлдыз) педагогикалық қайта даярлаудан өткен. Совет Айжұлдыздың алғашқы мамандығы 2023 ж. орта арнаулы білім «Бастауыш білім беру», ал «Мектепке дейінгі білім беруші тәрбиешілер» мамандығын «Оқу орталығы «Білім –Сапа» ЖШС (куәлік №0374, 15.12.2023 ж.) оқыған.

Осы өлшемшартқа сәйкес ұсынылған педагогтердің штаттық кестесі мекеме басшысының қолы қойылып, мекеменің мөрімен бекітілген.

2024-2025 оқу жылы бойынша:

Штаттық кестеде 27 педагог көрсетілген. Тізімдегі педагогтердің ұсынған құжаттарын зерделей келе бала күтіміндегі демалыста А. Совет, А.А.Асқарова, М.А. Айдыңқызы және еңбек шартын тоқтатқан 14 педагог көрсетілген. Білімі бойынша:

- жоғары білімді - 13 педагог;
- арнаулы орта білімді - 3 педагог.

Біліктілікті арттыру курсынан өткен, 7 педагогтің растайтын сертификаттары ұсынылған, демек 6 педагог (С.Исан, Е.Ж.Омирбекова,

А.К.Толемисова, А.Мархабатқызы, А.А.Болатова, М.А.Нургалиева) біліктілікті арттыру курстарынан аталған жылы өтпеген.

Осы өлшемшартқа сәйкес ұсынылған педагогтердің штаттық кестесі мекеме басшысының қолы қойылып, мекеменің мөрімен бекітілген.

2025-2026 оқу жылы бойынша:

Оқу жылына жасалған штаттық кестеде бала күтімі бойынша демалыстағы педагогтер (А.Совет, А.А.Асқарова, М.А.Айдынкызы) қоса есептелгенде 23 педагог көрсетілген. Педагогтердің құжаттарын зерделей келе екі педагогтің құжаттардағы тегі жеке куәлігіндегі тегімен сәйкес келмейді, яғни тегін өзгерткені туралы дәлелдеме құжат салынбаған. Ол педагогтер: Б.М. Рахимбаева дипломы бойынша Б.М.Турсынбекова, және М.М.Турсынханова дипломы бойынша М.М. Такекова. Мектепке дейінгі білім бойынша дипломы сәйкес келмейтін бір педагог (С.Е. Саудан) анықталды. С.Е. Саудан - 24.06.2014 жылы «Бастауыш білім беру мұғалімі» мамандығы бойынша Қаратау гуманитарлық-техникалық колледжі (Диплом ТКБ № 0436330) бітірген. 2025-2026 оқу жылы С.Аманжолов атындағы ШҚУ-нің күндізгі бөлімінің ІІ курс студенті, «Мектепке дейінгі білім беру» мамандығы бойынша оқитыны туралы анықтама ұсынылған. Анықтама 10.02.2026 жылы №29345 берілген, 31.08.2026 ж. мерзімге дейін жарамды.

Жалпы 20 педагогтің білімі бойынша:

Жоғары білімді педагог - 14 педагог (70%), оның ішінде:

6 педагог «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие» мамандығы бойынша:

2 педагог «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» бойынша, мектепке дейінгі білімдері арнаулы ортаны бітірген;

6 педагог пән мұғалімдері, дипломдарына сәйкес (музыка, қазақ тілі, хореография, психология мен педагогика, дене шынықтыру, бейнелеу өнері)

Арнаулы орта білімді 6 педагог (30%), оның ішінде;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ біліктілікті арттыру курсынан (72 сағаттық) өткендігін растайтын сертификаттарын толық ұсынылған.

2023-2024 оқу жылында педагогтер саны- 22.

Біліктілікті арттыру курсынан өткен педагогтер саны -17 педагог.

Пайыз: 85%

2024-2025 оқу жылында педагогтер саны -13.

Біліктілікті арттыру курсынан өткен педагогтер саны - 7.

Пайыз: 54%

2025-2026 оқу жылында педагогтер саны – 22.

Біліктілікті арттыру курсынан өткен педагогтер саны-22 педагог.

Пайыз: 100 %.

Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/ растау бойынша ұсынылған хаттамалар, бұйрықтар мен біліктілік санатын беру туралы куәліктері толық қаралып, зерделенді. Анықталғаны бір педагогтің (М.А.Нургалиева) зейнеткерлік жасқа толғанға дейін ІІ біліктілік санатын сақтау туралы бұйрық салынған. 01.09.2023 ж.№ 78 (ж).

2023-2024 оқу жылы бойынша 22 педагог қызмет атқарған.

Басшы менеджер: 1 (4%)

Педагог - модератор: 6 (27.2%)+ 1 (II біліктілік санаты) = 7 (32%)

Педагог - сарапшы: 2 (9%)

Педагог - зерттеуші: 1 (4%)

Педагог: 9 (9%)

Санаты жоқ: 2 (9%)

2024-2025 оқу жылы бойынша 13 педагог қызмет жасаған.

Педагог модератор: 6 (46.1%)+ 1 (II біліктілік санаты) = (54%)

Педагог - сарапшы: жоқ

Педагог-зерттеуші: 1 (4%)

Педагог: 5 (38.4%)

2025-2026 оқу жылы бойынша 20 педагог қызмет жасаған.

Педагог - модератор: 10 (50%) + 1 (II біліктілік санаты) = (55%)

Педагог - сарапшы: 1(5%)

Педагог - зерттеуші: жоқ

Педагог - шебер: жоқ

Педагог: 6 (30%)

Санаты жоқ – 2 (10%) (Е.К.Сагындыкова, С.Саудан)

Педагогтердің біліктілік санатын зерделей келе 2023-2024 оқу жылы педагог-зерттеуші санатына бір педагог (О.А.Оралханова), педагог-сарапшы санатына екі педагог (Г.Ж.Исалинова, С.Исан), педагог – модератор 4 педагог (Б.Қ.Авгамбаева, А.К.Толемисова, Ж.Е.Омирбекова, Ж.М.Сеилханова) өткен.

2024-2025 оқу жылы педагог - сарапшы бір педагог (М.С. Мухамадиева) өткен. Ә.Т.Даутханова 28.04.25 ж. №34 (ө) бұйрығы негізінде педагог-модератор біліктілік санатын келесі күнтізбелік жылдың қыркүйегіне дейін ұзартылған.

2025-2026 оқу жылы педагогтер біліктілік санатын алуға өтініш бермеген.

Басшы кадрлардың біліктілігін арттыру туралы мәліметтерді зерделеу нәтижесі бойынша:

2023-2024 оқу жылы Саирова Сабира Бияхметовна –директор, 2019 жылы «Развитие профессиональной компетентности руководителя дошкольной организации в области оценки качества дошкольного воспитания и обучения» тақырыбындағы курсты А.Байтұрсынұлы білім академиясынан өткен.

Оралханова Айгерім Оралханқызы- әдіскер, 72 сағаттық «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» тақырыбында ҚР Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ өткен. Алайда аталған курс әдіскер лауазымына емес, тәрбиеші лауазымына арналған. Осыған байланысты аталған курс туралы сертификат әдіскердің біліктілік талаптарын растау үшін есепке алынбайды.

2024-2025 оқу жылы Саирова Сабира Бияхметовна –директор, 72 сағаттық «Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процессін жалпы білім берудің жаңа үлгілік бағдарламасына сәйкес жобалау» тақырыбындағы курсты ҚР Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ өтті.

Оралханова Айгерім Оралханқызы- әдіскер, 8 сағаттық «Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар мектепке дейінгі жастағы

балаларды тәрбиелеу мен оқытудың өзекті технологиялары тақырыбындағы курсты» С.Аманжолв атындағы ШҚУ -де өтті.

2025-2026 оқу жылы Мухамадиева Маржан Сериковна - директор, 72 сағаттық «Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процессін жалпы білім берудің жаңа үлгілік бағдарламасына сәйкес жобалау» тақырыбындағы курсты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ өтті.

Ошанова Жибек Сериковна - әдіскер, 72 сағаттық «Бастауыш мектептермен сабақтастықты және тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі ұйымдың басшылары мен педагогтерін кәсіби дамыту» тақырыбындағы курсты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» өтті.

Осылайша, зерделеу барысында балабақша тарапынан ұсынылған педагогтердің жеке құжаттары, оның ішінде, педагогтердің дипломдары, біліктілік санаты туралы куәлігі, соттылығы жоқ деген анықтамалары, жұмысқа қабылдағаны туралы бұйрықтары мен еңбек шартын тоқтату туралы бұйрықтары қолданыстағы заңнамаға сай жасалып, барлық талаптарға сай келеді.

Қорытынды: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының талаптарына, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңының 18-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы және 15-бабына, сондай-ақ, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының талаптарына сәйкес келеді.

3. Тәрбиеленушілер контингенті

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау.

Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер контингенті туралы мәліметтер.

Әр түрлі жас топтарының болуы туралы мәліметтер;

Білім алушылар тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер;

Білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастыру туралы мәліметтер.

Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

-балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау.

-1-сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерін сақтау

(Бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілер контингентінің тізімі. Әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес басшының қолымен және мөрімен расталған кесте қоса беріледі).

Талдау нәтижелері:

Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер контингенті туралы мәліметтер.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ескере отырып жас топтарының толықтығы туралы мәліметтер:

Берілген өлшемшарт талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы негізінде балабақшаның 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына арналған құжаттарына зерделеу жүргізілді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ескере отырып, жас топтарының толықтығы бойынша ұсынылған құжаттарды талдау барысында балабақшада 6 топ жұмыс істейтіні анықталды. Топтарды жасақтау кезінде тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері ескерілген. Сонымен қатар, ПМПК қорытындылары негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің тізімі қалыптастырылып, тиісті құжаттары жүргізілген.

2023-2024 оқу жылында балабақшада жалпы 6 топ жұмыс істеп, тәрбиеленушілер саны 138 баланы құраған. Атап айтқанда: «Айшуақ» кіші тобында (2 жастағы балалар) – 20 бала, «Жауқазын» кіші тобында (2 жастағы балалар) – 20 бала, оның ішінде 1 бала ЕББҚ; «Бәйшешек» ортаңғы тобында (3 жастағы балалар) – 24 бала; «Балақан» ортаңғы тобында (3 жастағы балалар) – 25 бала, оның ішінде 4 бала ЕББҚ; «Ақ қанат» ересек тобында (4 жастағы балалар) – 25 бала, оның ішінде 2 бала ЕББҚ; «Ақ көгершін» ересек тобында (4 жастағы балалар) – 24 бала, оның ішінде 2 бала ЕББҚ болған.

2024-2025 оқу жылында балабақшада 6 топ жұмыс жасап, тәрбиеленушілер саны 140 баланы құраған. Оның ішінде: «Айшуақ» кіші тобында – 20 бала, «Жауқазын» кіші тобында – 20 бала, «Ақ көгершін» ортаңғы тобында – 25 бала, «Бәйшешек» ортаңғы тобында – 25 бала, оның ішінде 4 бала ЕББҚ, «Балақан» ересек тобында – 25 бала, «Ақ қанат» ересек тобында – 25 бала тәрбиеленген.

2025-2026 оқу жылында балабақшада 6 топ жұмыс істеп, тәрбиеленушілердің жалпы саны 136 баланы құраған. Атап айтқанда: «Айшуақ» кіші тобында – 20 бала, оның ішінде 1 бала ЕББҚ; «Жауқазын» кіші тобында – 19 бала; «Ақ қанат» ортаңғы тобында – 24 бала, оның ішінде 1 бала ЕББҚ; «Балақан» ортаңғы тобында – 25 бала, оның ішінде 1 бала ЕББҚ; «Бәйшешек» ересек тобында – 24 бала, оның ішінде 3 бала ЕББҚ; «Ақ көгершін» ересек тобында – 24 бала, оның ішінде 2 бала ЕББҚ болған.

2023-2024 оқу жылындағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің тізімі бойынша ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында олардың ПМПК қорытындылары, диагноздары, топтары және мерзімдері көрсетілгені анықталды. Атап айтқанда, «Бәйшешек» тобындағы Алибекұлы Алиахметке «Общее недоразвитие речи I уровня. Интеллектуальная норма» диагнозы берілген (№71, 12.03.2024 жылдан 01.06.2026 жылға дейін). «Балақан» тобындағы Асқар Бексұлтанға «Нарушение общения и социального взаимодействия» диагнозы қойылған (№14085, 01.11.2023 жылдан 01.06.2024 жылға дейін), Бақытбек Айтөреге «Двухсторонняя НСТ 4 ст. Состояние после КИ справа. Отсутствие речи. Психическое развитие соответствует возрасту» диагнозы берілген (№14323, 22.11.2022 жыл). «Бәйшешек» тобындағы Бөкейхан Айсұлтанға «Нарушение общения и социального взаимодействия» диагнозы қойылған (№413, 20.09.2024 жылдан 01.09.2026 жылға дейін). «Балақан» тобындағы Жанымхан Айсанаға «Нарушение общения и социального взаимодействия, ОНР I-2 уровня» диагнозы берілген (№15061, 21.09.2023 жылдан 01.09.2024 жылға дейін). «Ақ қанат» тобындағы Жаркын Исламға

«Задержка психического развития. Общее недоразвитие речи начало I уровня» диагнозы қойылған (№14485, 12.01.2024 жылдан 01.06.2026 жылға дейін), Мисаханова Балнұрға осыған ұқсас диагноз берілген (№13738, 14.03.2022 жылдан 01.06.2025 жылға дейін). «Жауқазын» тобындағы Нұрахмет Нұрғисаға «Нарушение общения и социального взаимодействия» диагнозы қойылған (№15220, 30.11.2023 жылдан 01.12.2024 жылға дейін), ал «Ақ көгершін» тобындағы Нұрахмет Хакназарға осы диагноз берілген (№13526, 30.11.2023 жылдан 01.12.2024 жылға дейін). ПМПК қорытындысы негізінде Нұрахмет Хакназар мен Асқар Бексұлтанға педагог-ассистент ретінде А.С. Қаңғашева, ал Нұрахмет Нұрғисаға Ж.Е. Сейсенова бекітілген.

2024-2025 оқу жылында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер бойынша құжаттарды талдау барысында «Бәйшешек» тобындағы Болатқызы Зейнепке «Задержка психического развития. Общее недоразвитие речи начало II уровня» диагнозы берілгені анықталды (№16025, 26.02.2025 жылдан 26.02.2028 жылға дейін). Ержанов Мансурға «Нарушение общения и социального взаимодействия» диагнозы қойылған (№725, 04.12.2024 жылдан 01.08.2025 жылға дейін). Нұрахмет Нұрғиса мен Бөкейхан Айсұлтанға «Нарушение общения и социального взаимодействия» диагнозы берілген (№413, 20.09.2024 жылдан 01.09.2026 жылға дейін).

2025-2026 оқу жылында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер бойынша ұсынылған құжаттарды зерделеу нәтижесінде: «Ақ канат» тобындағы Асқаров Расулға «Общее недоразвитие речи I уровня» диагнозы берілген (№1621, 10.07.2025 жылдан 01.08.2028 жылға дейін); «Балақан» тобындағы Бакытжанұлы Алимге «Общее недоразвитие речи II уровня. Задержка психического развития» диагнозы қойылған (№2543, 22.04.2026 жылдан 01.08.2027 жылға дейін); «Бәйшешек» тобындағы Бакытжанұлы Мергенге «Задержка психического развития. Общее недоразвитие речи начало II уровня» диагнозы берілген (№1442, 30.04.2025 жылдан 01.06.2026 жылға дейін). Сонымен қатар, Болатқызы Зейнеп, Мейрамғазы Батыр, Мұрат Аяла, Нурланова Малика және Елдарұлы Занғар бойынша ПМПК қорытындылары ұсынылған.

Балабақша тарапынан ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің тізімі, ПМПК қорытындылары, педагог-ассистенттердің жұмыс жоспарлары, түзете-дамыту жұмыстарының жоспарлары, ата-аналармен жүргізілетін сауалнамалар, тәрбиеленушілердің дербес әрекетін бақылау хаттамалары және жағымсыз мінез-құлықты бақылау хаттамалары ұсынылғаны анықталды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілермен педагог-психолог, логопед мамандары тарапынан түзету-дамыту жұмыстары ұйымдастырылып, жүйелі түрде жүргізілген. Жұмыс жоспарлары ұйым басшысымен бекітілген. Ұсынылған құжаттар қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкес рәсімделген және барлық өлшемшарт талаптарына сәйкес келеді.

Білім алушылар (тәрбиеленушілер) контингентінің қозғалысы бойынша ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында тәрбиеленушілерді қабылдау және шығару үдерістері белгіленген тәртіппен жүргізілгені анықталды. 2023-2024 оқу жылында «Айшуақ» кіші тобында оқу жылы басында 20 бала қабылданып, оқу

жылы ішінде 2 бала шығып, орнына 2 бала қабылданған; «Жауқазын» кіші тобында 20 бала қабылданып, 2 бала шығып, орнына 2 бала қабылданған; «Бәйшешек» ортаңғы тобында 24 бала қабылданып, 3 бала шығып, орнына 4 бала қабылданып, оқу жылы соңында 25 бала болған; «Балақан» ортаңғы тобында 25 бала қабылданып, 3 бала шығып, жыл соңында 22 бала қалған; «Ақ қанат» ересек тобында өзгеріс болмаған; «Ақ көгершін» ересек тобында 3 бала шығып, орнына 3 бала қабылданған.

2024-2025 оқу жылында «Айшуақ» кіші тобында 20 бала қабылданып, 3 бала шығып, орнына 2 бала қабылданған, оқу жылы соңында 19 бала болған; «Жауқазын» кіші тобында 1 бала шығып, орнына 1 бала қабылданған; «Ақ көгершін» ортаңғы тобында 5 бала шығып, орнына 5 бала қабылданған; «Бәйшешек» ортаңғы тобында 3 бала шығып, орнына 3 бала қабылданған; «Балақан» ересек тобында 4 бала шығып, орнына 3 бала қабылданып, оқу жылы соңында 24 бала болған; «Ақ қанат» ересек тобында 5 бала шығып, орнына 4 бала қабылданып, оқу жылы соңында 24 бала болған.

2025-2026 оқу жылында «Айшуақ» кіші тобында 9 бала шығып, орнына 9 бала қабылданған; «Жауқазын» кіші тобында 3 бала шығып, орнына 4 бала қабылданған; «Ақ қанат» ортаңғы тобында 2 бала шығып, орнына 3 бала қабылданған; «Балақан» ортаңғы тобында 3 бала шығып, орнына 3 бала қабылданған; «Бәйшешек» ересек тобында 1 бала шығып, орнына 1 бала қабылданған; «Ақ көгершін» ересек тобында 5 бала шығып, орнына 5 бала қабылданған.

Осылайша, жүргізілген талдау нәтижесінде балабақшада тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы, топтардың толықтығы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілермен жүргізілетін жұмыстар және тиісті құжаттамалар қолданыстағы талаптарға сәйкес ұйымдастырылғаны анықталды.

Білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы мәліметтер бойынша аталған өлшемшарт талаптарына сәйкес 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына ұсынылған құжаттарға зерделеу жүргізілді.

Зерделеу барысында «Ақ бота» балабақша-бөбекжайының жобалық қуаттылығы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыға сәйкес (№F.01.X.KZ39VWF00074049, 25.08.2022 ж.) 140 тәрбиеленушіге есептелгені анықталды.

Балабақшада мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде 2023-2024 оқу жылында 138 тәрбиеленуші, 2024-2025 оқу жылында 140 тәрбиеленуші, ал 2025-2026 оқу жылында 136 тәрбиеленуші қамтылған.

Осылайша, ұсынылған құжаттарды зерделеу нәтижесінде балабақшада мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жобалық қуаттылыққа сәйкес және белгіленген талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылғаны анықталды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы, Әділет ақпараттық жүйесінде № 29329 нөмірімен тіркелген 1-тарау 4, 13, 14, 17 тармақтары мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығымен бекітілген Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қағидаларына сәйкес келеді.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

- Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне өлшемшарттары:

- Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сәйкестігі және сақталуы.

(Бағаланатын кезеңге құрастырылған және бекітілген жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызмет.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер үшін бағаланатын кезеңге құрастырылған және бекітілген жеке оқу жоспарлары (болған жағдайда)

Бағаланатын кезеңге құрастырылған және бекітілген білім беру бағдарламалары (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша).

Бағаланатын кезеңге ұйымдасқан қызметтің перспективті жоспары.

Бағаланатын кезеңге тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.)

Талдау нәтижелері:

Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сәйкестігі және сақталуы.

Аталған өлшемшарт бойынша балабақшаның 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына ұсынылған оқу жоспарларының Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 1-тарау 6-тармағына, 2-тарау 14-тармағына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 1 қосымшасының 4 тарауының 25 тармағына бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігі зерделенді.

2025-2026 оқу жылында балабақшада мемлекеттік тілде тәрбие-білім беру қызметін жүзеге асыратын 6 топ жұмыс істейді. Топтардың жас ерекшеліктеріне қарай бөлінуі келесідей: кіші топтар (2 жастағы балалар) – 2 топ («Айшуақ», «Жауқазын»), ортаңғы топтар (3 жастағы балалар) – 2 топ («Ақ қанат», «Балақан»), ересек топтар (4 жастағы балалар) – 2 топ («Бәйшешек», «Ақ көгершін»).

Кіші топтардың (2 жастағы балалар) оқу жұмыс жоспарына сәйкес тәрбиеленушілермен ұйымдастырылатын іс-әрекеттер: «Дене тәрбиесі» аптасына 3 рет және күн сайын, «Тіл дамыту және көркем әдебиет»,

«Сенсорика», «Қоршаған әлеммен таныстыру», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру» күн сайын жүргізіледі. Сонымен қатар, «Музыка» аптасына 1 рет және күн сайын ұйымдастырылып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерге арналған «Арнайы түзетуші іс-әрекет» күн сайын жүзеге асырылады.

Ортаңғы топтардың (3 жастағы балалар) оқу жұмыс жоспарына сәйкес «Дене тәрбиесі» аптасына 3 рет және күн сайын, «Тіл дамыту және көркем әдебиет», «Математика негіздері», «Жапсыру», «Қоршаған әлеммен таныстыру», «Сурет салу» күн сайын өткізіледі. «Қазақ тілі» аптасына 1 рет және күн сайын ұйымдастырылады. «Сауат ашу негіздері» оқу жұмыс жоспарына енгізілмеген. Сонымен қатар, «Музыка» аптасына 1 рет және күн сайын жүргізіліп, «Арнайы түзетуші іс-әрекет» күн сайын ұйымдастырылған.

Ересек топтардың (4 жастағы балалар) оқу жұмыс жоспары бойынша «Дене тәрбиесі» аптасына 3 рет және күн сайын, «Тіл дамыту және көркем әдебиет», «Математика негіздері», «Қоршаған әлеммен таныстыру», «Сурет салу» күн сайын жүзеге асырылады. «Қазақ тілі» аптасына 1 рет және күн сайын ұйымдастырылған. «Музыка» аптасына 1 рет және күн сайын өткізіліп, «Арнайы түзетуші іс-әрекет» күн сайын жүргізіледі.

2023-2024 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарлары балабақша директоры С.Б. Саирова тарапынан бекітіліп, ШҚО білім басқармасының Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы С.Б. Алагузовамен келісілген.

2024-2025 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарлары балабақша директоры С.Б. Саирова тарапынан бекітіліп, «ШҚО білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Чернышева және Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің басшысы С.Б. Алагузовамен келісілген.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына арналған оқу жұмыс жоспарлары балабақша директоры М.С. Мухамадиева тарапынан бекітіліп, ШҚО білім басқармасының Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы Д.С. Арғынгазинмен келісілген.

Ұсынылған оқу жұмыс жоспарларына түсіндірме жазбалар қоса берілген.

Зерделеу барысында балабақша тарапынан ұсынылған оқу жұмыс жоспарлары мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту талаптарына сәйкес әзірленгені анықталды. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттердің апталық жүктемесі мен ұзақтығы санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сай келеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру

Аталған өлшемшарт бойынша құжаттарды зерделеу барысында балабақшада 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылында вариативтік компонент «Ритмика» жұмыс кестесінде көрсетілген. Ортаңғы мен ересек топтар (3 - 4 жастағы балаларда) аптасына екі рет көрсетілген. Жоспары ұсынылмаған. Хореограф М.А.Нургалиева өзінің авторлық бағдарламасы бойынша жүргізеді, хаттама бойынша бекітілген 04.01.2023 ж.

